

Λ 2006
6503

ла ҚҰРМАНАЙҚЫЗЫ



Қауран елім

Ләтипа ҚҰРМАНАЙҚЫЗЫ

Қаýран елім

Роман-дилогия

“Елорда”
Астана – 2005

ББК 84 Қаз 7-44

К 77-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Құрманайқызы Л.

К 27 Қайран елім. (*Роман-дилогия*).

— Астана: Елорда, 2005. — 432 бет.

ISBN 9965-06-420-2

Жазушының жаңа романы “Хантәнірі”, “Қайран елім” атты екі кітаптан тұрады. Шығармаларға кешегі кеңестік кезеңде халқымыз басынан кешірген небір зобалаң оқиғалар желі бол тартылған. 1930 жылдардағы күштеп колхоздастырудың аяғы ашаршылыққа өкеліп, қарапайым халық қырғынға үшінады. Одан енді ес жия бастағанда отыз жетінің нәубеті қайта үйірілді. Міне, осы жағдайлар дилогияда шынайылықпен жан-жақты баяндалады.

К 4702250201-362
450(05)-05

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-420-2

© Құрманайқызы Л., 2005
© “Елорда”, 2005

БІРІНШІ КІТАП

*Бұл кітабымды сүйікті
анам Қалиманға арнадым.*
Автор

ХАНТӘҢІРІ

I

Шажа өзенінің жағасында, Қалқантастың көлеңкесінде, көкмайсада екі әйел тауға қызықтап қарап тұрды. Текелі жақтан салқын самал еседі. Терең сайдан буырқанған асау өзеннің сарылы естіледі. Жасы отыз-отыз үштер шамасындағы орта бойлы, дөнгелек жұзді, бота көз, қос анары шығыңқы, тұлғасы құлындај жұп-жұмыр, құндыздай қолаң шашын өріп желкесіне түйген қараторының шырайлысы Нұрила еді. Ол — дәрігер. Оны достары, ағайындары еркелетіп Ила дейтін. Бұрын бұл өнірде дәрігер атаулы болған емес. Нұрила тау беткейіндегі коз тұндыратын жап-жасыл шыршаларға сүйсіне қарап, үнсіз қалған еді. Қасындағы Мархаба:

— Анконитті білесіз бе? — деді.

— Білем, онымен коп сырқаттарды емдейді.

Осы сәтте өзен жағасындағы жалғыз аяқ соқпақпен келе жатқан адам көрінді. Бойы сырықтай, ақ жейде, жусан түсті костюм киген, ақсүр реңі бозғылт, аялы көздері отты, қалың шашын желкесіне қарай қайырған келісті жігіт, жасы жиырма үш, жиырма бестер шамасында. Ол жақын келіп:

— Сау сәлеметсіздер ме? — деп жылы жүзбен сәлемдесті. — Серуенге тауға шықкан екенсіздер ғой, — деп қойды, — Дұрыс.

Ила оны бұрыннан біле ме, қалай? Сәлемнен кейін:

— Мынау баланың есімі Мархаба, менің коллегам, мемлекеттік институттың емдеу факультетінде оқиды, өз халиқіз қалаі інім, аздал сырқаттанған едініз, сауықтыңыз ба? — деп сұрапады.

— Құдайға шүкір, сіздің еміңізден кейін жақсымын. — Ол бұл сөзді шын ықыласымен айтты. “Коллегам” деп таныстырғанда бойжеткеннің жүзі томеншектеп беті қызарып

кетті. Назарын томен аударғанда, кірпіктері тогіліп, өнін орлесіндіре түсті. Бикеш біргүрлі ыңғайсызданып, ұялып түр. Сүп-сүйкімді. Мархаба жазғы демалысында ауылға келген. Уақытша Қалқантастағы балалардың лагеріне жұмысқа орналасыпты. Азын-аулақ қаржы табу үшін.

Жігіт:

— Тау табиғаты жақсы ғой, — деді. Текелінің тауына коз тасталы. Қалын шырша, қарағай, ойдым-оидым жасыл қоңыр қарақат, тау етегіндегі жайқалған балауса шалғын ішіндегі алауда түрлі гүлдер коз сүріндіреді.

— Біз де тауға шығып, таза ауамен тыныстап, серуендейік леген едік. Анау ұсақ ақ ғул ашқан итмұрын, анау ұшқат, оның арғы жағындағы долана, анау раушан, құлмаққа жақын осіпті, аушаны қара, мынаусын жанаргүл дейді. Биікте, қыр гүлі оседі. Оны эдельвеис дейді. Қарда оседі. Тамашаны коргің келсе тауға бар деп қазақ бекер айтпаған, — Нұрила тоңірекке маңғазданып ор қарады.

— Мен де тауда ескенмін ғой, — деп қалды жігіт. Бағанадан конілсіз қалған бозбаланың жүзі шүғыл өзгеріп күлімдеді. Жігіттің жүзі балғын болғанымен көзінде үлкен қайсарлық бар. — Мен ескен ауыл тау бауыры, мұнда жеңешем тұрады.

— Бауырыңыз бар ма? — деді дәрігер.

— Болған.

Нұрила қой тасқа жайғасып:

— Отырыңыз, інім — деді.

— Ә-ә, рақмет. Әңгіменізді боліп жібердім бе, демала берініздер. Мен мынау тау ішіне барып, одан өрі анау жотаға шығып келейін.

— Жарайды онда, қарағым — деді дәрігер. — Жігіт өзенді жағалап тастан отіп көзден ғайып болды.

— Тас жинайды. Порода зерттейді білем.

Уақыт түс ауған мезгіл. Тау басы бүлтсyz. Аспан мөлдіреп түр. Тек күншығыс жақтан үлкен ақ бүлттар көрінеді. Өзен жактаи қокмайса мен аршаның іісі келеді. Күміс қебігін шашкан тұнық өзен, тастан-тасқа соғып бүрқанып жатыр.

— Жанағы жігіт Мәскеудегі Алтын және түсті металдар институтының соңғы курсында оқып жүріп шығып кеткен, — деп қалды.

— Неге?

— Неге дерің бар ма? Қалаймақан заман. Аққудың орынын — карға, арғымақтың орынын — есек, қыранның орынын — күшіген алған омір басталды. Қанаты сынған құстай шыға алмайсын, — деді Нұрила.

Мархаба Илаға бұрылып, жұлып алғандай:

— Тәте, тазғараны білесіз бе? — деді.

— Не дейсін? — Нұрила аз ойланып, басын шайқап құліп жіберді.

— Ха-ха-ха! Оны қайдан кордің?

— Тазқараның басы, мойынынан бастап тақыр, осы тауда бар. Жаңағы кісіні қайдан білесіз, тәте?

— Тосек тартып жатқанда емдегемін.

— Қазір қалай?

— Жаман емес. Алтын жеті қабат жер астында жатса да тот баспайды. Өйткені, ол — асыл. Бірақ, асылдың да мүқалатын, үгілетін кезі болады. Тот басып жатқан асылдар аз ба? Солай қызыым. Бұл өмірде не болмайды. Нелер зиялды қазактарды тұрмеге лактырып, адамға титтей қайырымы жоктарды ел басқартып қойған жоқ па?

— Таулы жerde өскендіктен бе, тау менің жаным, тау менің қаным сияқты, — деген Мархаба оның созін боліп жіберді. — Тауды жақсы көремін.

— Таулар адамзат тарихының шежіресі. Таудағы жартастарда адамдардың өз тіршіліктері туралы тасты ойып жазған таңбалары көп-ак. Ерте замандағы неше түрлі аң, қыран құс, адам бейнесін, колданған құрал-жабдықтарының суреттерін тасты қашап үрпакқа қалдырыпты. Сойтіп бабалар омірі үрпакқа бізге жетті. Тау деген Хантәңірі, Алатай мен Текелінің тауындағы асқақ та сұлу болса ғой, — деді Тұқібаева желпініп.

— Адам да тауға үқсайды. Жақсы жандар қойыны толы кен, шатқалы толы миуалы бак. Ел деп еңреген азаматтар кербез, ұлы тау секілді, озінің ғана жанын құйттейтін кісі күм-қызыршықтың үйіндісі, — деді Мархаба.

— Оның дұрыс, осындағы әр құздың, әр жартастың өз өүені, өз сыры бар. Біз солардың сұлұлығына қарап күш-жігер аламыз. Жаңағы жігіттің есімі Алпысбай. Ол Мәскеуде оқыған дедім ғой. Оқудан күйлемаса тау қойнауындағы кен іздеуші болар ма еді? Кім білсін. Ол да тауды жанындағы жақсы көреді. Ол да тау баурайындағы жайқалған гүлді, балауса шалғынды, хош иісті қарағайларды, күркіреген өзендерін аспанмен тілдескен занғар шынды үнатады. Өмір ағысы қатты өзендей ғой, қайта оралмайды... Қарашы, — деді ол қасындағы қызға, — өзеннің арғы бетіне. — Бұл созді ол сыйырлай айтты. Бойжеткен жағадағы суға қанып жан-жағына елеңдеп тұрған еліктің лағын корді. Сонында енесі. — Қозғалма шошытып алмайық, — деді.

Мөлдір озенге бас қойған, шолін қандырған еліктің лагы жалғыз аяқ жолға түсіп, келген ізімен кері қайтты да, калың қарағай ішіне кіріп, козден гайып болды.

— Қандай сүйкімді. Су ішіп алып, селтиіп сактықпен қарайды айналага, — деген Мархаба ну қарағайдан көз айырмай қызыға қарап қалған.

— Бала кезінде бәрі де сүйкімді.

“Жаңағы жігіт Мәскеуде оқыды дедің. Сыпайы да, ұстамды. Озі бір осы жердің қожасындағы нық! Институттан неге құлды екен? Ортаң қолдай маман боп шығатын жігіт. Орталықта оқыған...” деген сұрақ жалт еткенде біртүрлі жүргегі тебіреніп кеткендей сезінді. “Жас адамның ата-анасы, бауыр карындасты болғанға не жетсін. Күндердің күнінде ата-ана-дан айырылу қандай қыын, туған адамның бәрі оліп біте ме? Фұмыры таусылғандар ажалдан қайда қашып құтылады. “Ағаш бесікке бөлениген, жер бесікке түседі” деп апам айтады. Сонда әке-шешем де бір кездे дүниеден қайта ма? Алла сактасын! И-и, қай-қайдағы ойға оралғаны несі, құрсын!”

— Эу, Мархаба неге үндемей қалдың?

— Жаңағы кісі жұмыс істей ме?

— Текелі тауына геологиялық барлау партиясы келді. Кен шығарады дейді. Сонда жұмыс істейді. Демалыс күні де бұған тыныштық жок, басқалар демалады. Ол тау аралап кетеді. Бүгін де кетті ғой. Кен іздей ме, білмеймін.

Дәрігер қызға қарап мырс етті. Бойжеткен келіншектен ондаиды күтпеген еді. Бірақ кідіріп барып:

— Бойдақ жігіт. Мұнданай шалғайдағы ауылға неге келген?

— Құдай басқа салса, қайда бармайды. Тағдырдың құрығынан ешкім қашып құтылған емес. Талай елім деген азаматтардың таңы атпай, күні батып тағдырдың тәлкегіне түсті.

Мархаба зейін аударып үнсіз тыңдалап отыр. Анда-санда беткейдегі қарагайға қарап қояды. “Біреуге мал мен басты үйін берсе, енді біреуі бастан тапши... Кей пенде жұмыр жердің тұтқасын үстап тұрғандай алшаңдай басып, қоқилаңады. Зиялы жандарды жазықсыз қалтыратқан. Құдайым” дег ойлады, Нұрила.

— Сонда манағы кісі оз еркімен келмеген бе? — Дәрігер бас шайқады.

— Қайдағы ерік. — Қазақстанда адам айтқысыз ашаршылық болған.

— Білем! — деді Мархаба жұлып алғандай. — Апам екеуміз масак тергенбіз. Масақ қар астында қалып қойған. Шіріген дән. Қоғалыда тоқшылық, астық бар деген соң Қарабұлақтан, Жалғыз ағаштан шұбырған ел Өркайыңдының асуына караї жосыды. Асуға жете бергенде бізді аш адамдар қуған, — леді күлімсіреген бойжеткен шарапалы көздері шоқтай жайнап. Үлкен кісілер мен жас сәбілердің сүйегі самсап жатыр.

— Е-е, не айтары бар. Қуғаны, сендерді жемек қой, — леді Нұрила.

— Солай шығар. Өкімет елдің шыбынша қырылып жатқанын білмеді дейсіз бе?

— Әлбетте білді.

— Жаңағы жігіттің есімі — Алпысбай. Мәскеуде оқып жүргенде Одақтың Комсомолдардың конференциясында былай деп сөйлеген: “— Ауылдан хат алдым, Қазақстанда малын тартып алып, дүние-мұлкін төріктеген жергілікті ел аштан оліп жатыр. Адам айтқысыз ауыртпалықтан мындаған қазақтар шетелге қоныс аударды. Зиялышадарды сottады. Өліп бара жатқан жұрт атамекенін тастап, қыыр көшіп, шетелге босыды. Қазақстанда мұнай, мыс, тұсті металл, көмір, темір, болат кені жеткілікті, жерінің үсті де, асты да толған кен. Малы да жеткілікті. Неге халық аштан қырылады?” — деп сөйлеген ғой бозбала, сол үшін мұны түрмеге отырғызыған. Елу екінші статьямен. Шындықты айтқаны үшін институттың бесінші курсында оқып жүргенде окудан шығарған. Айттым ғой, сабактан кейін демалыс күндері тау кезіп кетеді. Рудалы тастарды жинайды екен.

— Оны қайтеді, құғындалып жүргенде. — Мархаба біраз қыңырлау сөйледі. Оған дәрігер үндеген жок.

— Мүмкін, кен іздейтін болар. Ұнатқан мамандығы ғой.

— Жоқ-ау, алдымен қудалаудан құтылмай ма?

Нұрила қабағын түйіп ойланып қалды.

— Әркімнің алда мақсаты бар.

— Әне, кордің бе? Текелінің биік жартасындағы адамның сұлбасын, қайдан шыға келді. Мынау Алпыстың өзі ғой. Таудың өр қыраны секілді.

— Тау текесіне үқсайды, — деді Мархаба.

Дәрігер сықылықта пүрәп күліп жіберді.

— Шын айтамын.

— Рас, шын сияқты. Шындық жеңетініне сенемін, — деді Нұрила толқи тіл қатып. — Нелер асылды жер қойнындағыдай тот басып жатыр. Апат Қазақстанда да болды. Қазақтың бетке ұстар, ақылды, талантты, халық дегенде жаңын қиятын азаматтар ұсталды. Ауданың басшысы еді, Әлжан ағаны әкетті. Мениң де ең жақынның ілікті. Иә, қармакқа тұсті. Ұл-қызымың жеткеп бас сауғалап кеттім. “О-о-о, күдүние-ай, соны бір коріп олсем армансыз едім”. Күйеудің соңғы шақырғанда, бір пәленің боларын сездім, енді қайтып көрмейтін шығармын. Ол да соңғы кездерде елуге жетпей шашы ағарып кетті. Жақсы ғұмырдан шаш ағармайды. Өзі қара торы үзын бойлы-тұғын. Оны соңғы шақырғанда маған білдіргісі келмеді. Пальтосын екі рет киіп, екі рет шешті. Декабрьдің отыз бірі еді. Жана жылды қарсы алуға өзірленіп жатқанмын. Жер әлемге караңғылық түскен мезгіл. Біреулар есік қоңырауын берді. Есікті мен аштым. Үйге танымайтын еңгезердей біреу енді. Байқап қалдым. Бейтаныс екі кісі қонақ

кабылдайтын болмеге кірді. Біздін пәтерге кірген кісінің серіктері болу керек. ОГПУ-дын қызметкері “жинал” дегенде, қүйеуімнің беті бол-боз, құйбенде галстутын таға бастады. “Тездет” — деген еңгезердей бейтаныс адамның дауысы естігендегі, секем алған Қазтайым: “Па-па-па-па!” — деп шырқырап өкесінің етегіне оралды. Келген адам оны асыктыра бастады. “Тездетіңіз” — деген ызғарты үн естілді. Бізді кимаган ерім, бас кімін екі рет шешіп столға койып, екі морте қайта киді. Бізді кимайды. Бетімді жас жуып, еніреген мен байғұс мойнына оралдым. Бейтаныс кісі қолымды қағыл жіберді. Ұлардай шулап қала бердік. Құдай қоскан косағымды кормейтіндей боламын да тұрамын. “Бұл жалғанда біз ұныраспайтын шығармыз”, — деген оның дауысы калтырай естілді. Осы сәтте бетін жас жуып кетті.

— Мүмкін корерсіз, — деді жаны ашыған қыз.

— Эй, кайдам, ондай күн кайда?

Ол тығызып, бетін басып отырып солқылдап жылады. Іншегі щерін шығарсын деп ойлады Мархаба. Әлден уақытта кокірегі қарс айрыла үйіледі де саусактарымен жасын сұртіп, үсіз таута қарап отырды. Айналға тыныштық орналы. Тек өзенің сарылығана естіледі.

— Жыламаныз — деген Мархабаның дауысы шыкты. — Кайғырма, басқа түскен касіретті ердін еріғана котереді. мүмкін ағамен қауышарсыз.

— Жо-жоқ, — деді ол. — Мен енді оны кормеймін. Менің не күтерін білемін. Қүйеуім біреуге сыртынан ор кашттың және қорқақ сатқынды жек коретін. Ол атак-данкка қындалпайтын. Жетім осекен гой, балалары да жетім қалды.

Осы сөзді айтқанда оның қозіне тағы мөлдіреген жас толды.

— Қырсыкты жену үшін де қайраттылық, шылам керек, Еле.

— Мен қүйреуік емеспін, жігерсізді ұнатпаймын. Медицина білмектікі кешірмейді. Өйткені ол адам ғұмырымен бейтанысты. Жаксы оқымаса адам омірін сақтай алмайды. Нашар дәрігердің кемшілігін жер жасырады — деп езу тартты Нур伊拉.

— Канша мединститут бар? — Мархаба сөз таба алмай, бояған қалды.

— Ешеш мен айтайын. Бір-ақ мединститут бар. Оны құрған профессор Санджар Асфенцияров. Ондай адамға аттыннан бюст салылса кем емес. Мұнда керісінше, Қазақстандағы мединституттың іргетасын қалаган жалғыз профессордың өзіне “Медика, жауы” деген айдар тағып, абактыға лақтырды.

— Білемін ол кісіні.

— Білсен, Саңжар Асфендияров менің күйеуімнің домбадес-тұздас досы. Сондай адамды отырғызу тағылық дер едім.

— Ол терен құрсінді. — Қазақ елінің зиялыштарын көзі тірісінде бағаламаймыз. Пөни жалғаннан откен соң “сондай еді, мұндай еді” деп аспанға котереміз. Адам еңбегі тірі кезінде бағалануы керек. Коз жұмған соң алтыннан сарай салудың керегі не? Өмірге мың жылда бір келетін перзентіміздің еңбегін бағалап, аялауымыз керек. Мұндай дарындылардың жойылуы — бүкіл бір ұлтқа зиянын тигізеді, — деп Нұрила Мархабадан ғөрі озімен кеңескендей аз-кем іркіліп, ойланып қалды.

— Зиялыш деп қандай кісілерді айтасыз?

— Текті, білімді, мәдениетті, слін, Отанын сүйетін адамдар.

Мархабаның жүзіне қуаныш орнады:

— Жақсысы кетті, жаманы қалды. Ел қамын ойлаған кісілерді неге қамайды, неге!

— Неге! — деп қалды Ила. — Қазақтан қорқады. Өмір бақи атына мініп жүріп бабаларымыз кен байтақ жерін, слін жаудан корғаған, болініп кетеді деп сезіктенеді. Менің баля кезімде, біздің Тастықен ауылында бір күнде артельдің бар жылқысын, “маңқамен” ауыралы деген жалған сырға тағын “тауға айдал” апарып атып тастаған. “Ер қанаты — ат” дейді. Мінер ат, ішер қымызынан айрылған қазак өлсірейді.

— Қандай зәлім, а! — деген қыз козін ойнақшытты. — Эдейі қолдан жасалған апат бұл. — Ила оның созін құптағандай басын изеді.

— Маған қауіп тонгенін өкпем сезді ме, екі баланы, енемді демалсын деп жайлауга экетті. Жұбайымды ұстаган соң, көн үзамай озімді де тұтқындағы. Бұл жалғанда тозақ бар екенін сонда сезіндім. Аяғым ауыр еді, оған қарамады. КарЛАГ-тың болімшесі АЛЖИР-ден бір-ак шыктым. Тұрарлың зайыбы Әзиза аттаймен сонда таныстым. Академик Маяиниң анасы да АЛЖИР-де болды. Маяи бес жаста еді, сонда. Балаларды бөлек баракта ұстайды. Бес айдан кейін үшінші перзентім, — АЛЖИР-де босандым.

— Ол бар ма? — деп сұрады Мархаба дегбірсіздене.

— Кеңже ұлымнаң айырылғаным жаңыма қатты батты, — деді ол, басын қайғылы шайқаң. Беті түнере түсті, — күгін сурғін адам үрлағын осіре ме? Озім де сырқаттаңдым. “Ай ықпайтын дерт” деп лагерден шығарды. Қантардың қақаған аязы, киім жок, карын аш, жолда пәрестемің қос оқиесіне сұық тиді. Адамды қырсық нағасын. Басынан бақыт қайса, көпке дейін жолың болмай, шырматыласын. Сондағы сәбійімнің қинағаны мәңті көз алдымда. Нәрестемің ой

жұған шүберектей, екі інінен демалады, танауы кусырылып, көздері жәудірей қарайды маған. “Какой я врач, не мог спасать сына”. Сәбім вагон үстінде коз жұмды.

Ол томен қарап жылап отырды. Бір уақытта еңсесін көтерді.

— Не кормедім мен. Бар болса дүниенің тамұғын тіршілікте отегенмін — деді ол мығым дауыспен.

— Түсінікті тәте.

— Мен шырағым, шыдамсыз, солқылдақ емеспін. — Оның үні октем естілді. — Ауылдағы медиктер, терапевт-кардиолог, акушер-гинеколог, педиатор кейде хирургтің де міндетін аткарады. Мұндай түкпірде дәрігер аз, медикамент жетіспейді. Жұмыс істеу оңай емес. — Ол енді Мархабаға бұрылды. — Әнсекүні бір адамның жүрегі тоқтап қала жаздады. Қарайып барады, үш-торт минут жүрегі соқпаса, ми өз функциясын атқара алмай әлсіреп қалады. Ми олген соң академик болсан да сактай алмайсың, олуіне санаулы минут қалды. Сол мезгілде мен оның жүрегіне масаж жасадым. Тоқтауға айналған жүрек қайта соқты. Осындаі жайлар кездеседі, бізде бұл бір ғана факт. — Өмірі сакталған науқас туралы айтқанда дәрігердің бетіндегі қайғы-шердің табы лезде сөне қалды. Ол жайлап сойлеп жатыр. — Бір жас ана оздігінен босана алмады. Бірнеше рет уколмен дәрі жібердік, сәті түспеді. Түн ортасынан ауған мезгіл. Облыс орталығынан акушер гинеколог жеткенше келіншектен айырылып қалу қаупі тонді. Не істеу керек? Мен де, медсестра да қатты қиналдық. Тез бір шешімге келмесе баладан да, анадан да айырыламыз. Инструменттерді қайнат, өзірле, наркоз бересің дегенімде медсестраның көзі атыздай болды.

— Созді доғар, іске кіріс, — дедім. Өзім де іштей қорқып түрмүн. Ішкі үрейді сездіруге жарамайды. Ана мен нөресте жазатайым мерт болса мәңгі — дәрігердің кінәсі... дейді. Сыртта анталаған ел келіншектің туыстары жиналды. “Апырай, не болады?” деген әйелдің шешесінің дауыстары да естіліп тұрды.

“О-о, аруақ, о құдай сактай гөр. Апыр-ау, енді қайттік?!?” деген ауылдағылар терезенің сыртында құтуде. “Не істейміз, доктор? деген біреу есіктен ентелеп келе жатыр еді. Оны санитарка тоқтатты:

“Немене, шуылдамай барыңдар, дүрліккенде қолдарыңнан не келеді? Мазалама!” — деп есікті жауып алды.

— Сонымен немен тынды? — деп сұрады Мархаба. — Мұнлай да ауыр жағдай болады екен.

— Болғанда қандай. Өмірімде скальпель үстамаған, анестезиологияның міндетін атқармаған қатты састым. Білімімді жетілдіруге баяғыда Мәскеуге жіберіп алған. Оның коп пай-

дасы тиді. Шарасыздан операция жасауға тұра келді. “Халық жауы” деген қонырауымыз бар ғой. Ана олсе тағы соттайды. Ұзын сөздің қыскасы ана мен нәрестенің омірі сакталды. Медсестра аулаға шығып: “Тараңдар, бала да, шеше де аман!” дегенді естіген кіслер алғысын жаудырды-ай кеп. Сойтіп бір сүмдышқа душар бола жаздалп, өрек ес жинадык. Сол тұн оте ауыр өтті.

— Ерлік! — деді Мархаба.

— Бүгін жақсы демалдық. Мынадай кобік шашқан тау озенінің жағасына келіп, бір сұңгімей қайтқанымыз жарамас, суға түсіп алайық, — деді Нұрила.

— Иә, құйыналық — деген Мархаба келісе кетті. Олар жарқабақтан айналып өтіп, ылдига түсті. Өзен жағасындағы жасыл шалғын табанға торқадай тиді. Кок майсасы желкілдеген саздауыт басқан сайын былқ-былқ етеді. Гүл аралас балаусаның жупар иісі тыныстаған сайын кокірегінді ашып, рахат дүниесіне жетелейді. Олар өзен жиегіндегі талтаза майда ақ құмға жетті де, койлектерін жағаға тастап, молдір суды біраз кешіп барып, өзен ортасына жетті де өрі қарай құлаштап жүзіп кетті.

— Бүгін жақсы демалдық — деді дәрігер.

— Уақыт көнілді өтті.

Олар киініп, сүмкелерінен тарағын алғып, шашын тарады да, сай табанындағы жалғыз аяқ соқпақпен ауылға бет алды.

Біраз жүргеннен кейін кошениң аргы жағында бала ерткен қызыл орамалды әйел адам корінді. Ол кошени кесіп өтіп, екеуіне қарай жүрді. Жақындал қалды. Талдырмаш, қара торы сүйкімді келіншек, озі конілді. Ол бір ең жақынын коргендей қоныр коздері күлімдеп сәлемдесті. “Тәтелеріңе сәлем бер” дейді қолынан жетектеген бұлдіршіндей қызына. Екі-үш жастағы қыз бала сықылықтап құледі, құледі де анасының етегін балғын саусақтарымен ұстап жасырынады. Жас ананың қуанышында шек жок, алаулаған балғын жүзін құртақандай қыз балаға бұрып: “Ұлады” — деп қойды. Ол болса сыңғылаған дауысын шығарып тағы құлді де анасының етегіне оралады. Үшеуі біраз әңгімелесіп тұрды. Әлгі уыздай жас келіншек: “Үйге жүріп, мейман болыңыздар” — деп отінген еді, ол дәрігерден “Ракмет, тағы бірде келеміз” деген жауап алды. Екеуі төмен жаққа құлдилады. Бала жетектеген ана, едөуірге дейін оларға қарап тұрды да ілгері жылжыды.

— Бұл, баласын іштеп жарып алған ана, — деді ақырын дауыспен. — Жанағы айтқаным осы. Кездесе кетті.

— Осы ма? — деп қалды Мархаба жұлып алғандай.

— Осы.

- Қызы қандай сүйкімді, өдемі.
- Мені коргенде құлдыраңдаپ жүгіреді. Сенен үялады.
- Сүйкімді бала. — Бұдан кейін олар бір-біріне тіл қатнады. Әркім оз ойымен.

“Біреуді бакытты етіп, озі өмір бойы сорлайтын адам болады. Бұл дүниені ұстап тұрған солар, өмір оларға қырын қарайды. Борінен коп жапа шегетін, ақылды адамдар, олар жер аударылады, немесе абақтыға жабылады”. Осыны ойлаған Нұриланың жаны жүдеп, конілі қабаржыды. Олар кошемен тәмен қарай құлдилады, ак үйдің қасына жете бергенде:

- Келдік, — деді Ила. — Жүр, үйге кір.
- Ракмет, коп-коп ракмет Нұке, — деген еді.
- Үйдің қасына келіп, дөм татпай кету... жүр, баrasын гой үйіне.

Оның конілін кіrbіn шалғанын байқаған бикеш Иланың конілін сергіту мақсатымен:

- Жарайды, — деп жадырай тіл қатты.
- Мұның жон.

Олар табалдырықтан аттап, үйге енгенде бес биенің сабасында, беті алмадай, пісте мұрын, елулерді енсеріп қалған аксары бойбіше адам орынынан котерілді де, оларға қарай жүрді.

- Жоғарылатындар, — жайран қағып, қуана қарсы алды.
- Мениң өпкем. — делі дәрігер ырза бол.
- Ио-ио, сіңілім, бұл қарағым, мен олейін деп жатқанда жаңымды алып қалған. И-и, айта берсе өнгіме коп, тарзетіндер былай, ауыз жаппай жотелем кеп, ыстығым котеріліп, етім лапылдаپ қүйіп-жаңып жаттым. Шашшуы жарғыр тағы бар, — деген ол сәл bogelіp ekeūi откізіп жіберді.
- Қарағым, біраз демалып отырындар, мен қазір шай камына кірісейін, — деген ол шығып кетті.

Мархаба бозбала бейнесін коз алдына елестетті. Оның жабырқау жүзіндегі уайымды ойлады. Саналы кісі ғана ойнайды. Ол жігітте ақыл да, парасат та бар. Бұрын оны неге байкамаған? “Орыс мектебіне бір жақтан мұғалім келіпті”. “Математика поінінен дәріс береді”. “Ешкімге жақындаамайлы, томага тұйық, өзімен озі...”, “Қызға қырындаамайды. Өзімен байқұс, мұздаған ағаш сиякты”, “Ешкіммен шүйіркелесіп сойлесуді білмейді, есі дұрыс адам, тас арқалай ма?” — деп сыртынан күletіндер де болды.

Москеудегі Алтын және тұсті металдар институтына түсениге дейін, уыздай ұлан, орта мектепті үздік бітірді. Жонды оқу орнын да бескесе оқыды. Білім алу оның мақсаты болды, — адамдық, азаматтық, жалпы адамзаттық мақсат койды алдына. Ол қара бастың күйкі тірлігін ойламады.

— Манағы жігіттің қабағы бір ашылмайды, — деді Нұрила күдіктене. — Жақсымыз аз болса да жаманымыз коп. — Ол терезеге коз таstadtы. — Аяқтан шалатынымыз баршылық. — Бұл сөзді естігенде Мархаба мырс етіп күліп жіберді. Нұрила ақырын дауыспен сөзін сабактай берді, — Тоқсан тоғыз саққа жүргіртіп сөз қуғанша, білімді математикті пайдаланып балаларын оқытып алмай ма? Мұндай жандар қолға түсе бермейді. Мәскеуде оқымақ түгіл, иек астындағы Алматыны көрмегендер бар.

— Шынында солай-ау, жазғандар-ай, — деп сынғырлап күліп алды Мархаба.

— Жақсылардың өмір кешуі қыын, шырмауга түсүі онай, ой тәнірім-ай! Ойыма бір балғын кезімдегі оқиға түсіп отыр. Қоғалыда ушинші класта оқып жүргенмін. Азан шақырып тұрғанда Керімқұл молданы сыртқа алып шығып, тепкілеп үрды да, мешітті өртеп жіберген. “Кокетайлар-ай, қойындаршы!?” — деп арашалаған кісілерді соққыға жықты. Мешітті қоршаған адамдарды қуып, ұрып-соғып өрен таратты.

— Неткен қатығездік, — деп кейіді Мархаба. — Мешітті өртеп...

— Е-е, бұл омірде не болмады, — деді Нұрила ойланып.

— Алпысбайда бір терең сыр бар әпке. Мұнда неғып жүргені белгісіз. Куғын-сүргіннің құрбаны боп кетпесе жарар еді.

Алпысбай жайында естігенде бикештің жүрегіне жылу пайда болды. Тынысы кеніп, іштегі тәтті сезім сыртқа тепкендей, балғын жүзіне қан тебіндеді. Бикеш ажарлана түсті. Нұрила ақырын сейледі.

— Мен Санжар Асфендияровтың қызымен медициналық институтта бірге оқыдым. Сұлу, ақылды еді, окудан шығарып жіберді. Профессордың екі қызы бартұғын. Қазір олардың қайда екенін білмеймін. — Әкесін ректорды тұтқындаған. “Халық жауы” деген жаламен. Халық бүрын-соңды мұндай нәубатты бастан кешірген емес. Отыз бір, отыз ушинші жылдары қолдан үйімдастырған ашаршылықта казақ халқы үш миллион адамнан айырылды. Асыра сілтеуге жан-тәнімен қарсы шыққан корнекті қайраткеріміз Смағұл Садуақасов. Ештей Бұхаров та сынады. Жиырма жетінші жылдың күзінде откен Қазақстан олкелік партконференциясында дәүлеттілерді конфискациялау кезінде жергілікті ерекшеліктерді ескермеуін айтты. Қазақ байларын орыс байларымен теңеуге болмайды. Бұлардың зауыт, фабрикалары, салулы үйлері, шөп шабатын машиналары, диірмендері бар. Қазақта ол, жоқ... қатты бір қыс түсіп жұтаса, бүгінгі ауқатты деп отырғанымыздың үрерге иті қалмайды дей келіп, кол-

хоздастыру ісін қазак халқының шаруашылығын күйзеліске үшінratпай, “аштыққа ұрындырмай” откізуге болатынын айтып, ұсыныстар жасаған. Бұл ұсыныстың өміршенендігін Монголияда откен асыра сілтеусіз, аштықсыз откен коллективендіру дәлелдеп берді. Сол Смағұл Сәдуақасовтың баға жетпес ұсынысын кім тыннады. Асыра сілтеушиліктің жөне жергілікті халықтың ерекшеліктерімен санаспаудың кесірінен, қазактың тәң жарымынан көбі қырылды. Бұл трагедияны тілмен айтып, қаламмен жазып жеткізу қын. Осы кияннatty ойласам омір сүргім келмейді. — Ол іштей тынып, тұнеріп отырды.

— Кім тыннады, — деді озімен-озі сойлескендей. Соңсaн ол қасындағы тындаушысына аңтарыла қарады. — Мұнда оқімет құрылған уақытта, казактың жиырма бір проценті кокірегі ояу, козі ашық, сауатты болатын. Дәулетті оқыған зиялъярды құғын-сүргінге үшінratип, малын тартып алып ашықтырган, олгені олді, тірі қалғанын Қытай, Монгол, Иранға, Түркияға кетуге мәжбүр етті.

Бұрын генетика ғылымына дау айтушылар көп еді. Кейін солар мойыннады.

“Тұқым қуатын тектілік, сырбаздық, үрпақтан үрпаққа жететін адам мінез-құлқындағы зиялъылық, салауаттылық, имандылық, адалдық сияқты байырғы жақсы қасиеттер әр түрлі асыра сілтеу зобаланынан жойылып кетеді” — деген менінше дұрыс. Оған дәлел: Отыз алты — отыз сегізінші жыллардағы жаппай репрессия кезінде қазак зиялъярдының алпыс алты мыны қамауға алынған. Жиырма екі мыны атылған. Қырық төрт мыны лагерлерде каза тапқан.

Дөрігер күрсініп. Аз үнсіздіктен кейін:

— Бұл мәнгі орны толmas ортақ қайғы... — Осы шақта есік ашылды да, үйге Алпысбай кіріп келді, қолында газетке ораған бірдене бар, озі конілді.

— Кешірініздер, мезгілсіз келгеніме, — деп сөйлей кірді болмеге.

— Жақсы болды, — деді Нурила ризалық білдіріп. — Бір ауылла тірлік етсек те сирек мейман, — деп орнынан көтеріліп карсы алды. Жігіт қолындағы оралған нәрсені ұсынды.

— Мұныңыз не? Үйде бар ғой, — деді кенет аузына сөз түспей.

— Бүгін сіздің туған күніңіз. Құтты болсын!

— Елегеніңізге көп рақмет, төрлетіңіз, — деді дәрігер ризалық білдіріп, жайғасты. “Мархабамен әңгімелескісі келеді” деп ойлады ол. Шынында үйленбеген жас жігіт іші пысады.

“Қандай қонақжай ел. Құдайдың осындај жақсыларға душар еткеніне шүкіршілік. Адасқан қаздай жер ауып келгенде құшағын жая қарсы алды”.

Өңі бал-бұл жаңған Мархаба.

— Маған неге айтпадыңыз, бүгін туған күніңіз екенін?

— Үақасы жоқ.

— Құры қол, ыңғайсыз...

— Ештеңенің қажеті жоқ.

— Дұрыс айтады — деді Алпысбай күліп. Сойткенше топелеме табақ ет котерген тәтесі кірді. Тураған ет үстінде бағланның басы. Ақсары, пісте мұрын, бетінің ұшы бояғандай алмадай қызыл, коңыр коз, бойы орташа толық өйел — ол тәтесі еді. Буы бүркүраған етті дастанқанға қойды.

— Тәте, отырыңыз ендігісін өзім, — деген еді:

— Жарайды, қызым келін бар ғой, — деді.

Сұңғақ бойлы, аққұба келіні зыр жүгіріп, бәрін тындырып жүр. Тәтесі деген апасы мейманымен өңгімелесіп отырды.

— Қол жуасыздар балалар — деді жылы жүзбен қонағына бұрылған тәтесі. Мархаба дәрігерге жол берді, аз аялдаған Алпысбай олардың соңынан шықты. Қол жуған меймандар дастанқанға келгенше шарап тізіп қойыпты. Шұбат, қымызы тағы бар.

— Шақырып келтіре алмайтын сыйлы қонақтар бүгін дәм тартып өздері келді. Ал, енді мына қымыздарыңды ішіндер, — деген еді. Ұршықша үйірілген келіні шарапты ашып, енесінің алдында қойды да шығып кетті. Тәтесі шарап күйді:

— Кәне, балалар алып қоялық! — деп алғашқы тосты көтеріп, үшеуіне алғызып жіберді. Өзі сыздықтатып ортасына дейін жұтты да қайта қойды.

— Бұл, бар болғырды кезінде аздап алдық, — деген ол қонақтарына шүпілдете толтырды да Илаға:

— Алғыз! — деді құліп. Рюмкасын жоғары ұстап:

— Осындаі қайырымды кісілердің өмірі ұзақ болсын! Жақсы адамдар көбейе берсін! — деп қолдады оның сөзін жігіт.

— “Жақсы сөз — жарым ырыс” дейді халық. Бұл бар болғырды ішейін деп ішпейсің. Осындаі асыл создерді естігенде шыдамай кетесін. Ал, айналайындар ішіп қойындыздар — деді үй иесі Дәкен апа, ол Алпысбайдың жамагайыны.

— Әркім еркінше алса қайтер еді, тәте, — деді Мархабат.

— Жок, осыны... содан кейінгісін корерміз, — қонақтарын көзімен шолып. — Қоңілденсін дегенім ғой.

— Біз онсызда қоңілдіміз, — Мархаба еркелей үн қатты.

Сөзге дәрігер араласты:

— Бүгін, тауға шығып, гүлдердің хош иісіне мейір қандырылық.

— Тау ішін жалғыз серуендеңенді ұнатамын — деді Алпысбай. Биік тауларға қызыға қараймын. Тау жаратылыстың ұлы толқыны. Ең биіктегі қарда еңлік ғұлі оседі. Ол сүкқа, ызгарлы желге шыдан қалтырап тұрады.

Алпысбай, ақ бокеннің жанарындай мөлдіреген козімен Мархабаға қарады. Қызы назарын томен аударды. Жігіт салалы саусақтарымен қайратты қара шашын кейін ысырды. “Тауды, биіктікті ұнатамын” деді бойжеткен ішінен.

— Арқар, елік үрікті ме, тау жанғырды. Тау соншалықты сезімтал, өктем үнге, тұла бойы тітіркеніп жанғырады. Естіліңіздер ме арқар, елік үріксе де тау жанғырды, — деді ол.

— Шынында солай, — деген екеуі қостады.

— Ал алыңдар, тамақ жемедіндер. Мен де тауды жанымнан артық коремін. Қыран бүркіт құз-жартасты мекендейді. Сыңсыған қарагай мен арша таудаған оседі. Кәне, ұлы таулар үшін алыңдар — деді үй иесі. Аласының тапқырлығына сүйсінген жастар, тосты сарка ішіп қойды.

Үйдің іші гүлел тау туралы неше алуан создер айтылып жатыр. “Төтесінің осындай бір тапқырлығы бар”, — деп ойлады дөрігер. Бұдан кейін қонақтар конілденді.

— Хантөнірі, Матай, Тұлкілі, Сатылы мынау біздің Текелі бәрі-бәрі былайша айтқанда ұлы толқындар десе де болады. Тау тағылары: арқарлар мен текелер, құз-қиядан сағымдай сырғып жүйткітін. Менің балалық шагым тау баурайында отті. Сондықтан когайлар таудың әр шыны, қиясы, жасыл шнатқалдары, әр жартасы, қарагай-шыршасы, қиядағы жалғыз аяқ соқпағы бәрі есімде.

Алпысбай ашық терезден жасыл тауларға козі салды.

Күннің батар шағы... ұясына ене бастаған мезгіл. Қызыл арайы тау шындарының үшар басына түсіпті. Тау құздары құлғін-қызығылт түске құбылып, мың сан корікке боленген. Карсы беткейдегі жалғыз аяқ, қиғаш соқпақта салт атты кетіп барады. Жолаушы тұмсықты айнала берді де, козден файып болды. Тау бөктеріндегі аршалы алаңқайды үйірлі жылқы жайылып жүр. Бұлтсыз зенгір аспан тіреген құз басында қыран қалықтайды. Тау шынына Алпысбай козі талғанша қарап қалған, оның жүзінен мұң ізі байқалады. “Шіркін омір-ай, мақсатына жеткен адамның арманы бар ма екен? Быны институтты бітірер еді. Тау қойнауын кезіп кен іздейтін еді. Арман, үміттің біткені ме, бәрінің құлі қокке ұшты”. Оның оні қуара қалды. Ауыр ойдың терең тұңғығына батып барады.

— Сізді алтын және түсті металл институтында оқыды деп естідім. Рас па? — деді Мархаба таңырқап.

— Оқыдым, — деді Алпыс. Оның мұнлы жүзі бозғылт тартты, қызыға салмақты, ойлы қарады да, жүрегі дір етіп, терең тыныстыады. Жігіт бір сырғы ашылып қалғандай аз ыңғайсызданып қалды. Еш жанның көзіне түсіп назарына ілікпей, елеусіз омір откізбек еді. Мұның омір жолын білгісі келетіндер кобейіп барады. Осы жүрттың несі бар. Қайдан келді? Қайда оқиды? Шалғай, шағын ауыл. Мұның да тынысы тарылып, пана болудан қалып барады. Шырмауықтай шатыскан неткен өмір? Тірліктің жібі бір үзілсе жалғау қыын. Өмір жібі бір емес, бірнеше рет үзілді, жарға сокқан дарияның толқынындағы қайда барып құярын құдайдың өзі білсін...

— Әу, деп жіберсеніз — деген қыз сөзі оның ойын боліп кетті. Мархабаның жасқаншақтаған қоңыр көздері құлімдеп, құлын мұсінді денесі жігітке қарай сәл қозғалды. Алпыстың саусақтары пернені қуалай жай шертті де, сонсоң пернені қағып, құлағын бұрап, еш жан естімеген бір зарлы қүйді бебеулетіп ағытты да, қүйдің ырғағына қарай аз тенселең отырды. Құлаққа жағымды қоңыр үн жапа шеккен шерлі жаның зарына үқсайды. Ол домбыраны тогілте тартты. Күй жан дүниенде төбірентіп, ой-қиялышында оятады. Теренен шыққан шерлі күй. Көзге жас үйірлітіп, жүректің қыл пернесін тербетті. Алпысбай аққөңіл, адал ниетті адамның жан толғанысын, қуаныш, қүйінішін домбыраның қоңыр үнімен жеткізді. Енді күмбірлеген домбыра дауысы біртебірте ширай түсті, шарықтап аспанға көтерілді де нәзік күй қайта баяулап, адамның жанын ерітіп барып кілт үзілді.

— Рақмет, айналайын, — деді ризалық білдірген Дәкен.

— Неткен керемет күй.

Алпысбай Мархабага ойлы көздерімен қарап қойды.

— Тағы бір өуен?

— Мына кісілер айтса, — деп өтінді Алпысбай.

— Ила да, біздің ауылдың қонағы фой. Әу деп жібер.

— Иә-иә, шырқаңыз.

— Мейлі, қай әнді айтса да.

— Жөн, жөн.

Ашық терезеден қаракөк аспандағы сансыз жұлдыздар жымындаиды. Тау жақтан ескен салқын самал, болмеге жетіп, жанға жайлы әсер етеді.

— Жездеміз қайда? — деді Алпысбай, қонақтардың көнілін сергіту мақсатымен.

— Бір аппақ жезден бар, қарағым, ақшақардай, — деді тәтесі. Қалжынға сүйеген оның сөзіне қонақтар құліп жа-

тыр. — Ақ дегені керісінше, жұбайы дәу жылтыр қара кісі,
— деді басын шайқап құлғен дәрігер.

— Жезден таудағы фермаға кеткен.

Олар ұзак шүйіркелесіп, сойлесіп көнілді отырды.

— Тұн ортасы болды-ау деймін, ә? Енді рұқсат етсеңіз,
әпке, — деді біреу.

— Шай ішпейсіңдер ме? — деді Дәкен орынынан қозга-
лақтап. — Әлде қымыз ба?

— Қымыз дұрыс шығар.

— Шәй үйықтатпайды.

— Әлден үйқын қашса!?

Дастарқан басы гулеп барып тынды. Ағаш тегене толы
майы кілкіген бабына жеткен қымызды Дәкен сапыра бас-
тады. Қымыздың саумал иісі аңқыды. Бір-бір тостаған қымыз-
лы тастап жіберген меймандар үй иесінен рұқсат сұрап, орын-
дарынан қозғалды.

— Мархаба, қон, — деді Нұрила.

— Апам іздейді, үй арасы жақын, қайтайын. — Осы шақ-
та қолын жуған бозбала ақ орамалмен кірді. Қыздар ығысып
жол берді оған. Сәл аялдаған жігіт оларға жәудірей қарады
ла, оте шықты.

— Ал, енді, раҳмет үйге қайталық.

— Қонбайсың ба?

— Жұмыс бар, — деді ол сыпайы ғана, жылы жүзбен.

— Мархаба, сен ертең-ақ бар.

— Апам аландайды, әйтпесе...

— Қорықбайсың ба?

— Жоқ.

— Үйіне дейін шығарып салайын, — деген Алпысбайдың
дауысы естілді.

— Е-е, оның үйі жолда ғой, айтпақшы. Анасы күтеді ғой,

— деп тәтесі жантарта сойледі, конактарды қақпаға дейін
шығарып салды. — “Бармаса, келмесе жат болады” — дейді.
Келіп тұрындар, қашанда күтіп аламыз, қатысып тұралық,
конак бол келіп жүріндер, айналайын, — деді. — Алпысбай
оны костағандай бас изеді де қоштасып шықты. Мейманның
сонынан біраз қарап қалған тәтесі мен дәрігер үйіне қайта
оралды.

Алпысбай мен Мархаба үйден шықкан кезде, ай сүттей
жарық, мұнарлаған Текелі тауы нардай шогіп жатты. Кәусар
ауаны жұтқан сайын сарайың ашылады. Тұнгі қоңыр салқын
ауда шалғынның хош исі аңқиды. Тау басында ақшарбы
бұлғтар жүзіп барады. Алпысбай аз-кем ойға шомды. “Тау
бауырында балалық, балғын шағы отті. Бабаларының ізі жа-

тыр. Тау мен даласын жаудан қорғаған, батыр бабаларының сүйегі жатыр. Олардың сүйген жарының, ұл-қыздарының қасіреті мен көз жасы жатыр. Тәкаппар таулар адамзат тарихының күәсі. Күн кокжиекке котерілгенде не батар алдында тау шатқалдары құбылып, алуан түрлі корікке боленеді. Жалындаған жастық шағы отіп барады. Откен омір қайта оралмайды. Не тындырды? Ол сауалға жауап таба алмады. Оны құдік биледі. “Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер” деген рас-ау. Ұлы таудың қойнауын зерттеп, тапқан қазынасын халқына бермек еді. Амал не, қаншама тор токкенмен жолы болмады. Арманы сағымға ұқсайды. Мақсатына жете алмады. Тұнғиық ойлардан шыға алмады. Үміт шексіз, арманының орындалмауы, омірде жолының болмауы, оны кенет шошытты. Жүргіне у құйылғандай, тұншығып барап, есін жиды. Жо-жоқ, әр нәрсеге уақыт не шыдам керек, бастаған істі аяқтамай, жарым жолда калуға жарамайды — ол жігерсіздік. Ешнәрсе енбексіз, оңайлықпен келмейді. Аспан асты, жер үсті кен. Исті бастау бар да, аяқталуы бар. Адам екенінді үмытпа, қайыста, емендей берік бол. Мақсатқа жетпей жолда қалғаның — шорт сынғаның. Адам құдіреті бәріне жетеді. Оқуын жалғастырады. Соңғы курста жүргендеге кен орнын, породаны ашқаны шындық. Оны біреу пайдаланып кетпесе. Геологиялық барлау ісін жалғастырады. Жер басын жүрсе, аршалы, шыршалы, қарағайлыш жасыл тауларына ерте ме, кеш пе оралары анық. Мынау бір, бетке нақақ жазылған күйеден тазарса, шынайы омірмен қайта табысады”. Қалың ой тұманина адасқан жігіт, қасында бойжеткен келе жатқанын бір уақыт естен шығарғандай еді. Ол тағы бір рет ұмсына таудың құз-шатқалдарына коз тікті де:

- Мархаба, — деді.
- Әу, не айтасыз? — деп елең еткен бикештің дауысы естілді.
- Қалаға қашан жүресіз?
- Бір жұмадан кейін.
- Бір жетіден соң ба?
- Сіз осы ауылға түбегейлі келдініз бе, әлде, уақытша ма?

Бұдан кейін олар үнсіз біраз жүрді.

- Мархаба, қай курста оқисыз?
- Емдеу факультетінің үшінші курсын бітірдім.
- Ә-ә, жақсы екен. — Олар төбесін қамыспен жапқан үйдің қасына жақындағанда:
- Жеттік, — деді бикеш.
- Жақсы, сау болыңыз, — деген бозбала қолын ұсынды.

Мархабаның нәзік саусактарына жігіттің өлуетті алақаны тиғенде, бойжеткеннің жан дүниесін бір күшті сезім билеп кетті. Бір түрлі ұйытқыған сезімге тап болды.

— Мархаба, ертең қайда боласың? — деді ол сабырлы калпында.

— Білмеймін.

Алпысбай оның сөзіне құлді де:

— Енді кім біледі? — деп сұрады.

— Мен Қалқантастың түбіндегі пионер лагерінде уақытша вожатый болып істеймін. Нұрила тәтем, балалардың денсаулығын қарауға келген. Сол жерде сізбен ұшырастық — деген ол бірден жауап берे қоймады. Бойжеткен аз дағдарды. Оның дауысынан қысылғандық аңғарылды. Ұылжыған жас қыздың жүзі төмөншектеп жүрегі жиі-жиі соқты. Таң алдындағы тау табиғатының әсемдігі Алпысбайдың бойын сергіте түсті. Тау шатқалынан ескен таң самалымен терең тыныс алды олар. Құстар сайрай бастады. Алпысбай өз бойында бір тәтті сезім оянғандай сезіне бергенде көз алдына Жұлдыз қолбендей елес берді. “Қайран Жұлдыз, қыздың торесі еді гой” — деді ішінен. Аяқ астынан желігіп шыға келгенді не? Сүйген қызын ойлағанда, алабұртқан конілі су сепкендей басылды.

— Жүреміз бе, Мархаба? — деді. Екеуі қақпаға қарай жылжыды. Жете берген шақта, Алпысбай бикештен сөл озын-қыран, қақпаны ашты, Мархаба ішке еніп, көрінбей кетті. Ойлың құшағында келе жатқан Алпысбайдың есіне Жұлдыз қайта орауды.

“Таудың құзар шынынан, таң Шолпаны қалықтап, котеріліп барады. Ағарып таң атты. Тау сілемдері айқындала түскен. Бұлтсыз, зенғір Аспан кокпенбек. Қарсы беткейде бір топ жылқы жайылып жүр. Коленке түскен бергі беткейде сыңсыған қарағай. Ол тауға сүйсіне қарады. Адамзат тарихының күәсі деп таудан ескен салқын самалымен рахаттана тыныс алды. Оның жанары алып жартасқа түсті. Жартастың етегі қызыл қорым. Жартастан жоғары жан баспаған кия. Қиядан жоғары жап-жасыл аланқай, одан әрі ну қарағай таудың ұшына дейін оскен. Бейне бір, жасыл тау дерсін. Тау менің анама ұқсайды. “Тау бауырындағы алуан түрлі жемістер анамның ак сүті. Тау маған өмір сыйлаған, тәнірім! Ол менің бесігімдей тербетеді. Оның занғар шынында қыран мекендейді. Бұркіттен жүректі құс жоқ. Қыран шынға үя салады, есіп онеді. Ол да таудың перзенті. Тау ешкілер құз-жартастың бірінен-біріне секіріп, оқтай зымырайды”.

* * *

Алпысбай аударылып түсті. Үйқы қашты. Жұлдыз туралы ойға шомды... Қайран Жұлдыз, күндер, жылдар откен сайын сағынады, зарығады.

Соңғы курста оқып жүргендеге, сол жылы академик М.П.Русаков “Правда” газетіне “Орыстың кереметі” деген мақала жазды. Онда былай деген: “Алтын және түсті металл институты бесінші курсының студенті А.Сәрменбетов дүниежүзілік жаңалық ашты. Текелі тауынан қорғасын кепі табылған, картасы жасалған. Кен қоры коп. Оны іске асырсақ оқіметке миллиардтаған тенге қаржы келеді. Ол халықтың әл-ауқатын жақсартуға жұмсалады. Мәскеуден барған комиссия анықтап қайты. Онда байыту комбинатын саламыз. Кен орынында он мындаған жұмысшылар, инженерлер жұмыс істейді”. Газеттегі материалды оқысымен, мұғалімдер мен студенттердің қуанышында шек болмады. Алпысбайдың достары: — “Сені біз мактанды етеміз. Қуанышты жуайык” — деп қолқа салған.

Алпысбай достарымен демалыс күні Мәскеуге жакын Галициноға барған. Галицино қалың орманның ішінде, кокорай шалғынды жер. Күн ашық. Серуенге шыққан жастар көнілді, дастарқан жайып, түрлі тағамдар койды. Аздап сыра, шарап ішкен соң екіден, уштен әңгімелесіп отырды. Бірінен-бірі алыс емес. Алпысбай мен Жұлдыз да акқайынның көлеңкесіндегі көк майсаға жайғасқан. Олар да сағынған елі, ауылы туралы әңгіме қозғайды.

— Жұлдыз, маған Белшабдар жайында айтшы?! Күікбай мен Белшабдарды бала кезімде коргемін. Он жасымда елден кеттім, Белшабдар жайында естігім келеді. Есімде калғаны сарқыраған тау өзені. Жағасында жабайы алма, өрік, қарақат, итмұрын өсетін. Есімде сақталғаны сол ғана. — Ол Жұлдыздың Белшабдар жайында көп білетінін сезіп отыр.

— Айтуға болады, атам екеуміз...

“Жұлдыз сыршыл, әңгімешіл” — деді іштей.

— Атан екеуінің басынан талай қызық үақыфалар кешкен шығар, бірақ сен, оның кобін үмытқан боларсын.

— Жо-о-оқ. Солай ойлайсыз ғой. Балалық шағымдағының бәрі көз алдында, бүгінгідей сайрап жатыр. Жолдықараның ұлы Намазбек менің атам, — деп күліп қойды, ол есіне бірдене түскендей масаттанып:

— Долананың басынан үкіні қағып алған атам. Шіркін, Белшабдарға жер жете ме? — Жұлдыздың жүзі нұрланып, бір түрлі қанат біткендей, конілі котеріліп қалды. Ойлы козбен

оған басын көтеріп қарағанда, Жұлдыздың үялы жанарында күн шуағындағы бір нұр жарқ ете қалды, озінен-өзі құлімдеп басын шайқап қойды.

— Киікбай сайында сарқыраған тау озені агады. Жағасында қалың сәмбі тал өседі. Иітген бұтактары озенге тоніп, тиіп тұргандай корінеді. Құрқылтай деген құстың ұзындығы үш-торт сантиметр. Ол үясын ағыны қатты, буырқанған тау озеніне тондіріп, талдың үшына салады.

— Эу, үясы оның езіліп кетпей ме суға?

— Неге езіледі? Қыл мен топыракты араластырып тастайтып жасайды үясын.

— Эу, талдың үші үзіліп кетпей ме?

— Жо-ға, қылмен байлап қояды.

— Ой, Алла-ай, ә — деген ол антарыла қарады.

— Құрқылтай балапанын жыланға жегізбеу үшін, талдың үшінина салады үяны. Көбік шашып, сарқыраған өзен жақтан жылан бара алмайды. Буырқанған асау озенге ағып суға құлап түседі. Құрқылтай сайрайды озі. Үшып келіп, үясына лып ете түседі.

— Мұның бәрін қайдан білесің?

— Талдың коленкесінде үзак отырып андымыз. Киікбайда үйеңкі де көп. Коктемде үйеңкіге шеге қағамыз, шегені суырып алғанда, көз жасындағы молт-молт еткен сол шығады. Біз аузымызды тосеп шырынын сорып аламыз. Коктемде тау боктерінде рауғаш оседі. Майдың аяғында тау жуасы піселі. Киікбай сайында қарағай, шырша, кокшіл қарағай, лолана оседі. “Киікбай жері — пейіштің төрі” деп бекер айттынан. Тау боктерінде үйір-үйір жылқылар жайылып жүретін. Атам мені тойға баратындаі, жаңа киімдерімді кигізіп, қымызды ауылға алып баратын.

— Атаң қандай жақсы адам, — деді әңгімесін қызыға тындаған Алпысбай.

— Дүниеде менің атамдай ата жоқ. — Бұл сөзден кейін ол не айтады дегендегі бозбалаға қарады. — Ондай мейірімді ата енікімде жоқ шығар.

— Тегі атанды жер-кокке сыйғызбай мақтадың-ау.

— Ондай ата қайда? — деген ол созін нығыздай түсті, снын атасына деген сағынышында шек жоқ еді.

— Біз бір жылы коктемде Белшабдардан Киікбайға көнкінбіз. Торт-ақ семья: Біздің үй, Әби ата, Әбікен аға, дядя Петро. Атам солардың бастығы. Әби ата омарташы, Әбікен қорықтың күзетшісі, дядя Петро — андарға қарайды. Аның санына, құлағына таңба салады. Киікбайда неше түрлі зерттегіштің бар еді. Марал, тау ешкі, аю, қарсак, түлкі, қарақұйрық, Ақбокен... Атам сауатты еді. — Жұлдыз бір түрлі толқып

отырды. — Атамның бойы ортадан жоғары. Шашы, мұрты буырыл, отты көз, келісті кісі. Қырау шалған мұртын ұстармен бастырғанда: “Oh-oh-oh” — деп иіс майын шашып отыратын, кербез еді. Сақтиян етігін жалтылдатып шыға келетін. Атамның үйге келе жатқанын етігінің шиқылынаң билетінмін. Шалқақ кокірек, еркін мінезді. Аяғын алшаңдай басатын. Атам таудан түсісімен алдынаң шығып, атын мама ағашқа байлайтынбыз. Үйге кіrmес бұрын ол сырт киімінің шаңын қағып сілкіді. Табалдырықтан аттасымен плашын, дүrbісін, мойнына асқан қоңыр былғары планшетін босаға жаққа іледі. Қасында қос ауыз мылтығы тұрады. Соңсоң гүрілдеген озенге барып жуынады да қисық жаға ақ бәтес жейдесін, қоңыр шибарқыт костюмін киіп алады. Бірер сағат демалғаннан кейін, маған мейірімді, нұрлы қоздерімен қарап:

— Кoke, жүр, қарағайларға жұлдызыша саламыз, — дейді.

Мен ақ қасқа қара қозы, актос күшік, Женіс бөріміз атамның сонынан ілесеміз. Атам косілген қарагайларды балғамен тық-тық ұрады. Қураған, озегі шіріген қарағайды атам тықылдатып-ақ біледі. Жарамсыздарын жуан сыммен буып болек қояды. Тақтай тілуге, құрылышқа жарайтын қарагайға қызыл қарындашпен жұлдызыша салады. Жарамсызын араба тиеп ауылға жөнелтеді. Ол отынға дегені. Ал кесілгеннің орнына жас қарагай егеді. Қандай қызық еді, сол күндер. — Бойжеткеннің ойына бірдене түскендей, еріндеріне құлқі үйірілді, -- Атам долананың басынан үкіні қағып алған.

— Сырт бейнене қарап бала деп қалып едім, білмейтінін жоқ еken. Мені ішкі дүниен қызықтырып барады.

Жымыған бикеш оған қарады да, әңгімесін ілгері қарай үштастырды:

— Адам жас ерекшелігі емес, жан ерекшелігіне қарай бағаланады дегенді естіген едім. Кім екенін есіме түсіре алмай отырмын.

— Талдыбұлақтың табиғаты есінде ме? — деген жігіт оның сөзін бөліп жіберді.

— Білемін.

— Ал енді Талдыбұлақ туралы айтшы.

Жұлдыз сәл кідіріп сөзін сабактады.

— Талдыбұлақ жағасында, иілген бұтақтары озенге тонген майысқақ көк терек самсал тұрган бұрын.

— Қазір қалай?

— Қазір село бар онда.

— Қазақтар табиғаты сұлу жерлерді сақтай алмаған. Сібірдегі көркем жерлер сақталған. Жемісті, бұтақты, кокорай шалғын, рақат қой.